

2011 жылғы қаңтар-наурызында әскерге шақыру учаскесіне азаматтардың тіркеуін өткізу туралы

Қарағанды облысы Шахтинск қаласы әкімінің 2010 жылғы 9 желтоқсандағы N 1 шешімі. Қарағанды облысы Шахтинск қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 28 желтоқсанда N 8-8-89 тіркелді

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес,

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. 2011 жылдың қаңтарынан наурызына дейін тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды, сондай-ақ тіркелуге тиіс, бірақ тіркелу үшін белгіленген мерзімде келмеген азаматтарды тұрғылықты жері бойынша әскерге шақыру учаскесіне тіркеу жүргізілсін.

2. Осы шешімінің орындалуын бақылау Шахтинск қаласы әкімінің орынбасары Б.К. Е г и ш е в к е жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Е. Утешев